3-қосымша
ШЖҚ«Жетісу Медиа»МКК-ның
басшының 2026 жылғы 05.08.
№ 47-Н бұйрығына

ТІЗБЕ
СТ РК ISO 37001:2025 талаптарының енгізілуіне байланысты «Жетісу Медиа» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерінің корпоративтік этикасы және қызметтік мінез-құлқы кодексіне енгізілетін өзгерістер

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
1	Жалпы ережелер	Кодекстің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің элементі ретіндегі мақсаты нақтыланады	Кодекстің корпоративтік басқару жүйесінің және Кәсіпорынның парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің бөлігі болып табылатыны, әдепті мінез-құлық нормалары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру талаптарын белгілейтіні туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3-тармақ
2	Жалпы ережелер	Кодексті сақтау маңызы күшейтіледі	Кодекс нормаларын сақтау қызметкерлердің кәсіби қызметінің міндетті шарты болып табылатыны және қызметтік мінез-құлықты бағалау, қызмет бабында жоғарылату және жауапкершілік шараларын қолдану кезінде ескерілетіні туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.3-тармақ
3	Қызметтік мінез-құлықтың жалпы қағидаттары мен ережелері	Парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетінің қағидаты қосылады	Қағидаттар тізбесін сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, адалдық және әрбір қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтауға жеке жауапкершілігі қағидаттарымен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3-тармақ
4	Қызметтік мінез-құлықтың жалпы қағидаттары мен ережелері	Басшылардың рөлі күшейтіледі	Басшылық өкілеттіктері берілген қызметкерлердің әдепті мінез-құлықтың жеке үлгісін көрсету, ашықтық мәдениетін қолдау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығысының алдын алу жөнінде шаралар қабылдау міндеттерімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1, 5.3-тармақтары

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
5	Қызметтік мінез-құлықтың жалпы қағидаттары мен ережелері	Мүдделер қақтығысына қойылатын талап нақтыланады	Қызметкерлердің мүдделер қақтығысы жағдайларына жол бермеу, ықтимал және нақты мүдделер қақтығыстарын уақтылы анықтау және ашу міндетімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.2.2.1-тармақ
6	Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының этикалық қағидалары	Қызметкерлердің адалдығына қойылатын талаптар кеңейтіледі	Кәсіпорын мүддесі үшін әрекет ету, лауазымдық өкілеттіктерді жеке пайда немесе үшінші тұлғалардың пайдасын алу мақсатында пайдалануға жол бермеу қажеттілігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 3.28, 8.4-тармақтары
7	Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының этикалық қағидалары	Бұзушылықтар туралы хабарлау міндеті енгізіледі	Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың болжамды бұзушылықтары, парақорлық фактілері, мүдделер қақтығысы және этикалық нормалардың өзге де бұзушылықтары туралы хабарлау міндетімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.9-тармақ
8	Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының этикалық қағидалары	Ақпарат берушілерді қорғау бекітіледі	Ықтимал бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқан қызметкерлерге қарсы шаралар қолдануға жол берілмейтіні туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.9-тармақ
9	Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының этикалық қағидалары	Үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылға қойылатын талаптар күшейтіледі	Қызметкерлердің контрагенттермен, мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл кезінде адалдық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттарын сақтау міндетімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.5-тармақ
10	Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының этикалық қағидалары	Хабардарлықты тұрақты арттыру талабы енгізіледі	Қызметкерлердің Кодекстің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың және комплаенс саласындағы өзге де құжаттардың талаптары бойынша оқудан өтуі және олармен танысуы туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.3-тармақ

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
11	Қызметкерлердің қызметтік мінез-құлқының этикалық қағидалары	Қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу нақтыланады	Құпия және қызметтік ақпаратты жеке пайда алу немесе үшінші тұлғаларға артықшылық беру мақсатында пайдалануға тыйым салу туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.4-тармақ
12	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында қызметкерге ұсынылады» бөлімі	Ұсынымдық ережелер міндетті талаптарға ауыстырылады	Ережелерді міндетті нысанда жазу: қызметкер сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне итермелеу әрекеттері туралы хабарлауға, мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауға және заңсыз пайда қабылдамауға міндетті	СТ РК ISO 37001:2025, 7.3, 8.9-тармақтары
13	Кодекс ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік	Жауапкершіліктің басқару жүйесімен байланысы күшейтіледі	Кодекс талаптарын бұзу парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі талаптарын бұзу ретінде қаралатыны және заңнамаға және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес жауапкершілік шараларына әкеп соғуы мүмкін екендігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 10.2-тармақ
14	Кодекс ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік	Этикалық мінез-құлықты есепке алу енгізіледі	Кодекс нормаларын сақтауды қызметкерлердің қызметін бағалау, кадр резервін қалыптастыру және кадрлық шешімдер қабылдау кезінде есепке алу мүмкіндігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.3-тармақ
15	Қорытынды ережелер	Кодексті өзектендіру тәртібі енгізіледі	Кодексті заңнамадағы өзгерістерді, СТ РК ISO 37001:2025 талаптарын, тәуекелдерді талдау нәтижелерін және қызметкерлердің ұсыныстарын ескере отырып тұрақты түрде қайта қарау туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 6.3, 10.1-тармақтары

Қорытынды ереже

Осы өзгерістер «Жетісу Медиа» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің корпоративтік этикасы және қызметтік мінез-құлқы кодексінің құрамдас бөлігі болып табылады және өзгерістер енгізу туралы бұйрық бекітілген күннен бастап қолданылады.

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Кодекс талаптарының сақталуын бақылауды Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Комплаенс-қызметімен бірлесіп жүзеге асырады.

2-қосымша
ШЖҚ«Жетісу Медиа»МКК-ның
басшының 2026 жылғы 05.08.
№ 47-Н бұйрығына

ТІЗБЕ

СТ РК ISO 37001:2025 талаптарының енгізілуіне байланысты «Жетісу Медиа» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясатына енгізілетін өзгерістер

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
1	1-бөлім. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер	Саясаттың парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесімен байланысы нақтыланады	Бөлімді Саясат Кәсіпорынның парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің элементі болып табылатыны және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бірі ретінде мүдделер қақтығысының алдын алуға, анықтауға және реттеуге бағытталғаны туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 4.4, 6.1-тармақтары
2	1-бөлім. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер	Мүдделер қақтығысын ашық жария ету қағидаты күшейтіледі	Кәсіпорын адал әрекет ететін қызметкерлер үшін жағымсыз салдарлардың туындау қаупінсіз ықтимал және нақты мүдделер қақтығыстарын уақтылы жария ету мәдениетін қалыптастыратыны туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3, 8.9-тармақтары
3	3-бөлім. Терминдер мен анықтамалар	Мүдделер қақтығысының анықтамасын өзектендіру талап етіледі	«Мүдделер қақтығысы — тұлғаның жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделілік міндеттерді бейтарап орындаудың мүмкін болмауына және Кәсіпорын мүдделеріне зиян келтіруге әкелуі мүмкін» деген редакцияда жазу	СТ РК ISO 37001:2025, 3.28-тармақ; ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы
4	3-бөлім. Терминдер мен анықтамалар	Ұйымдық мүдде ұғымы енгізіледі	Мүдделер қақтығысының анықтамасын жекелеген тұлғалардың немесе өзге ұйымдардың мүдделері Кәсіпорын мүдделеріне қауіп төндіруі мүмкін жағдайларда да қақтығыс туындауы мүмкін екендігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 3.28-тармақ

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
5	4-бөлім. Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары	Мүдделер қақтығысының алдын алу мәдениетін қалыптастыру қағидаты күшейтіледі	Қызметкерлердің ықтимал және нақты мүдделер қақтығыстары туралы уақтылы хабарлау міндетін көздейтін ашықтық қағидатымен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3, 7.2.2.1-тармақтары
6	5-бөлім. Мүдделер қақтығысы жағдайлары	Мүдделер қақтығысы жағдайларының тізбесі кеңейтіледі	Мынадай жағдайлармен толықтыру: қызметкер жеке мүддесі бар тұлғаларға қатысты шешімдер қабылдауға қатысқан кезде; контрагенттердің қызметінен пайда алған кезде; қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда пайдаланған кезде; жеке мүдделілігі болған жағдайда жеткізушілерді таңдауға қатысқан кезде	СТ РК ISO 37001:2025, 8.4, 8.5-тармақтары
7	5-бөлім. Мүдделер қақтығысы жағдайлары	Мүдделер қақтығысы тәуекелін дербес бағалау міндеті енгізіледі	«Қызметкерлер мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін мән-жайлардың бар-жоғын дербес бағалауға және олар туралы белгіленген тәртіппен дереу хабарлауға міндетті» деген ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.2.2.1-тармақ
8	6-бөлім. Мүдделер қақтығысын ашу (декларациялау) тәртібі	Хабарлау тәртібі күшейтіледі	Қызметкерлердің жұмысқа қабылдану кезінде, лауазымдық міндеттері өзгерген кезде және Кәсіпорынның ішкі құжаттарында айқындалған жағдайларда мерзімді түрде ықтимал және нақты мүдделер қақтығысы туралы ақпарат ұсыну міндетімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.2.2.1-тармақ
9	6-бөлім. Мүдделер қақтығысын ашу тәртібі	Ақпаратты құжаттау енгізіледі	Комплаенс-қызметінің хабарламалар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі қабылданған шешімдердің есебін жүргізуі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.5, 9.1-тармақтары
10	6-бөлім. Мүдделер қақтығысын ашу тәртібі	Комплаенс-қызметінің рөлі күшейтіледі	Комплаенс-қызметіне ақпаратты талдау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, ұсынымдар дайындау және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау жөніндегі өкілеттіктер беру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.3.2-тармақ
11	7-бөлім. Мүдделер қақтығысының алдын	Шаралар тізбесі кеңейтіледі	Мынадай ықтимал шаралармен толықтыру: тұлғаны шешім қабылдау процесінен уақытша шеттету; қызметкердің	СТ РК ISO 37001:2025, 8.4-тармақ

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
	алу және реттеу жөніндегі шаралар		әрекеттерін күшейтілген бақылау; құжаттарды келісу тәртібін өзгерту; функцияларды басқа қызметкерге беру	
12	7-бөлім. Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі шаралар	Теңгерімділік қағидаты бекітіледі	Шараларды тәуекел деңгейін, мүдделер қақтығысының сипатын, ықтимал залалды және Кәсіпорын мүдделерін қорғау қажеттілігін ескере отырып таңдау туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 6.1-тармақ
13	8-бөлім. Жауапкершілік	Басшылардың жауапкершілігі күшейтіледі	Бағыныста қызметкерлерде мүдделер қақтығысы анықталған кезде шаралар қабылдамағаны үшін басшылардың дербес жауапкершілігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.3-тармақ
14	8-бөлім. Жауапкершілік	Мүдделер қақтығысын жасырғаны үшін жауапкершілік белгіленеді	Мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты жасыру, дәйексіз мәліметтер ұсыну немесе Саясат талаптарын орындаудан бас тарту Кәсіпорынның ішкі құжаттарын бұзу болып табылатыны туралы толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.2.2.1-тармақ
15	9-бөлім. Қорытынды ережелер	Үнемі жетілдіру талабы енгізіледі	Саясатты заңнамадағы өзгерістерді, СТ РК ISO 37001:2025 талаптарын, мониторинг нәтижелерін және мүдделер қақтығысын басқару шараларының тиімділігін талдау нәтижелерін ескере отырып мерзімді түрде қайта қарау туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 9.3, 10.1-тармақтары

Қорытынды ереже

Осы өзгерістер «Жетісу Медиа» ШЖҚ МКК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және өзгерістер енгізу туралы бұйрық бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Осы өзгерістер талаптарының сақталуын бақылау Кәсіпорынның Комплаенс-қызметіне жүктеледі.

1-қосымша
ШЖҚ«Жетісу Медиа»МКК-ның
басшының 2026 жылғы 05.08.
№ 47-Н бұйрығына

ТІЗБЕ
«Жетісу Медиа» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына СТ РК ISO 37001:2025 талаптарының енгізілуіне байланысты енгізілетін өзгерістер

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
1	1-бөлім. Жалпы ережелер	СТ РК ISO 37001:2025 талаптарын ескере отырып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданылу аясы нақтыланады	Бөлімді Саясат Кәсіпорынның парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің элементі болып табылатыны және комплаенс, этика және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару саласындағы өзге де ішкі құжаттармен бірлесіп қолданылатыны туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 4, 5-бөлімдер
2	1-бөлім. Жалпы ережелер	Саясат қолданылатын тұлғалар аясы кеңейтіледі	Саясат талаптарының Кәсіпорын қызметкерлеріне ғана емес, сондай-ақ Кәсіпорынның атынан әрекет ететін тұлғаларға, өкілдерге, делдалдарға, мердігерлерге, жеткізушілерге және шарттық міндеттемелер белгіленген бөлігінде өзге де іскерлік әріптестерге қолданылатыны туралы толықтыру енгізу	СТ РК ISO 37001:2025, 8.1, 8.5-тармақтары
3	2-бөлім. Саясаттың мақсаттары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру талабы енгізіледі	Адалдық, ашықтық, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік және қызметкерлердің жеке жауапкершілігі қағидаттарына негізделген парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін құру және қолдау мақсатын қосу	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3-тармақ
4	3-бөлім. Қолданылу аясы және міндеттер	Кәсіпорын басшылығының рөлі нақтыланады	Басшылықтың жеке үлгі көрсету, парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін қолдау, парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1, 5.1.3-тармақтары

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
5	3-бөлім. Қолданылу аясы және міндеттер	Комплаенс-қызметінің мәртебесі нақтыланады	«Комплаенс-функция» терминін «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл функциясы» мағынасында қолдану. Функцияның тәуелсіздігі, өкілеттіктерінің болуы және Кәсіпорын басшысына тікелей қолжетімділігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 3.8, 5.3.2-тармақтары
6	5-бөлім. Негізгі қағидаттар	Парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениеті жеткіліксіз көрсетілген	Бөлімді басшылықтың жеке үлгі көрсетуін, әдепті мінез-құлықтың міндеттілігін және сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеуді көздейтін парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін қалыптастыру қағидатымен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3-тармақ
7	5-бөлім. Контрагенттерді тексеру	Іскерлік әріптестерді тексеруге қойылатын талаптар кеңейтіледі	Қатынастардың сипатын, тәуекел деңгейін және олардың Кәсіпорын қызметіне ықпал ету мүмкіндігін ескере отырып, іскерлік әріптестердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау міндетімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.2, 8.5-тармақтары
8	5-бөлім. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл	Қызметкерлерді оқытуға қойылатын талаптар күшейтіледі	Жұмысқа қабылдау кезінде және жоспарлы негізде қызметкерлерге парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту және хабардарлығын арттыру жөніндегі ережелермен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.3-тармақ
9	5-бөлім. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл	Іскерлік әріптестерді оқыту талабы енгізіледі	Қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғарылауына әкелуі мүмкін іскерлік әріптестер өкілдерін оқыту мүмкіндігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.3.3-тармақ
10	6-бөлім. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар	Бақылауды күшейту талап етіледі	Сыйлықтарды, өкілдік шығыстарды және өзге де артықшылықтарды ұсыну және алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жөніндегі талаптармен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.7-тармақ
11	10-бөлім. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл	Мүдделер қақтығысы туралы хабарлау міндеті бекітілмеген	Қызметкерлердің ықтимал және нақты мүдделер қақтығыстары туралы хабарлау міндетімен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 7.2.2.1-тармақ

№	Қолданыстағы редакцияның бөлімі, тармағы	Өзгерістің мазмұны	Жаңа редакция / толықтыру	Негіздеме
12	12-бөлім. Қарсы шаралар мен санкциялардан бас тарту	Ақпарат берушілерді қорғау аясы кеңейтіледі	Болжамды бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқан тұлғаларға қарсы шаралар қолдануға жол берілмейтіні туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 8.9-тармақ
13	13-бөлім. Өзгерістер енгізу	Жүйедегі өзгерістерді басқару көрсетілмеген	Тәуекелдер мен өзгерістердің салдарын ескере отырып, парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне өзгерістерді жоспарлы негізде енгізу талабымен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 6.3-тармақ
14	14-бөлім. Жауапкершілік	Басшылардың жауапкершілігі кеңейтіледі	Құрылымдық бөлімшелер басшыларының адалдық мәдениетін қалыптастыру және қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі дербес жауапкершілігі туралы ережемен толықтыру	СТ РК ISO 37001:2025, 5.1.3, 5.3-тармақтары
15	Жаңа бөлім	Бұзушылықтар туралы хабарлау тетігі енгізіледі	Саясатты «Бұзушылықтар туралы хабарлау» бөлімімен толықтыру, онда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен бұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігі, хабарламаларды қарау тәртібі және ақпарат берушілерді қорғау көзделеді	СТ РК ISO 37001:2025, 8.9-тармақ; ISO 37002

Қорытынды ереже

Осы өзгерістер ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және өзгерістер енгізу туралы бұйрық бекітілген күннен бастап қолданылады.

Комплаенс-қызметі осы өзгерістердің іске асырылуын бақылауды және Кәсіпорынның олармен байланысты ішкі рәсімдерін өзектендіруді қамтамасыз етсін.